

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP D3KSBF21
Асүй таразысы

Құрметті сатып алушы!


«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастаудан бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат пен өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсыныстар көрсетілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

Құрылғының қолданылу мақсаты

Асүй таразылары өнімдердің салмағын анықтауға арналған.


Сақтық шаралары

- Құрылғы зақымдануын болдырмау үшін таразыға заттарды абайлап қойыңыз.
- Егер Сіз таразыны қолданбайтын болсаңыз, оның үстіне ауыр заттарды қоймаңыз.
- Таразыны шамадан көп жүктемеңіз. Егер Сіз оған 5 кг-нан астам салмақ салсаңыз, дисплейде «EEEE» бейнеленеді.
- Таразыны тек тұрақты тегіс бетке, сондай-ақ толығымен құрғақ жағдайда пайдаланыңыз.
- Құрылғыны тік қойып сақтамаңыз.
- Құрылғыны тазарту сәл дымқыл шүберекпен орындалуы тиіс. Құрылғыны тазарту үшін бензин мен басқа да агрессивті заттарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны судың және тікелей күн сәулесінің әсерінен қорғаңыз.
- Таразының үстіне секірмеңіз және ұрмаңыз немесе құлатпаңыз, өйткені таразылар жоғары дәлдіктегі құрылғы болып табылады.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Дисплейде бос батареяның белгісі пайда болғаннан кейін , құрылғы бірнеше секундтан кейін автоматты түрде өшеді. Құрылғыны қосу үшін доңғалақты бұраңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1. Құрылғыны пайдалану:


- өлшеу қателіктерін болдырмас үшін таразыны тегіс және тұрақты жерге қойыңыз;
- құрылғыны қосу үшін доңғалақты кем дегенде 120° айналдыру керек, содан кейін дисплейде «0» белгісі пайда болады;
- өнімді таразыға қойыңыз, содан кейін дисплейде оның салмағы көрсетіледі;
- пайдалану аяқталғаннан кейін құрылғы автоматты түрде өшеді.



2. Бірліктерді ауыстыру: өлшеу кезінде өлшем бірлігін грамм, унция немесе фунт/унция, су (мл), сүт (мл) етіп өзгерту үшін «/» батырмасын басыңыз.

3. Ыдысөтем функциясы:

- контейнерді таразыға орнатыңыз, оның салмағы дисплейде көрсетіледі;
- «Ыдыс» батырмасын басыңыз, содан кейін дисплейде «0» белгісі пайда болады. Өнімді ыдысқа салыңыз, дисплейде өнімнің салмағы көрсетіледі;
- келесі өнімді өлшеу үшін «Ыдыс» батырмасын тағы бір рет басыңыз;
- егер сіз ыдыс пен оның ішіндегісін таразыдан алып тастасаңыз, дисплейде контейнер салмағының теріс мәні көрсетіледі.



Дисплейдегі мәндерді түсіндіру

Индикатор	G	Water-ml	Milk (ml)	Oz	Lb:oz
Мәні	Грамм	Су (мл)	Сүт (мл)	Унция	Фунт:унция

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: D3KSBF21.
- Салмақ диапазоны: 2 г — 5 кг.
- Бөлу бағасы: 1 г/0,5 унция/мл.
- LED дисплей.
- Өлшем бірлігі: грамм/су (мл)/сүт (мл)/унция/фунт: унция.
- Автоматты өшіру функциясы.
- Батареяларды шамадан тыс жүктеу/төмен заряд индикациясы.
- Материалы: тот баспайтын болат, пластик.

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және тастау ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты түрде бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C және 40°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Үй-жайларда жемірілуді туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны шаңның, ластанудың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйымның утилизациялануы қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс. Осы бұйымның дұрыс утилизациялануы қамтамасыз етіп, Сіз қалдықтарды бақылаусыз тастау нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және тастау орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығарушы кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақау пайда болса, дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжуншань Йес-Эйч-Эм Кэммодитиз Ко., Лтд.
№ 1, Да Лин өндірістік аймақ, Торч даму аймағы, Чжуншань қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Ерекшеліктері, өнім туралы ақпарат, оның жиынтықтамасы мен функционалы пайдаланушыны алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

www.dexp.club